

## Тау-кен металлургия өнеркәсібі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 28 мамырдағы № 638 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 шілдеде № 11601 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 457 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 08.09.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

#### 1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Кеден одағына кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда) бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі өңдеу өнеркәсібі саласында көрсететін мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9627 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 24 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың осы тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларының орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушы

Рау А.

**"Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетімен (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нысаны: электронды (жекелеген автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – олардан жасалған өнімдерді қоспағанда, бағалы металдармен және құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама (бұдан әрі – анықтама).

**2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдары тәртібінің сипаттамасы**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (қимылдың) бастамасына негіз болып Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11431 тіркелген, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 564 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандартының "Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру" 9-тармағында қарастырылған құжаттардың болуы табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, орындалу ұзақтығы:

1) қызмет берушінің кеңсесінің қызметкерімен өтінімді қабылдау және он бес минут ішінде тіркелу нөмері мен күнін бере отырып тіркеу (өтінімді қағаз түрінде беру кезінде);

2) кеңсе қызметкерімен бір сағат ішінде өтінімді өңдеу және порталға жіберу (өтінімді қағаз түрінде беру кезінде);

3) қызмет көрсетушінің басшылығымен екі сағат ішінде порталдағы өтінімді қарауға жауапты бөлімшені және орындаушыны анықтау;

4) қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысымен төрт күнтізбелік мерзімде өтінімді қарастыру;

5) жауапты орындаушымен бір сағаттың ішінде көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін дайындау және құрылымдық бөлімшенің басшылығына келісуге енгізу;

6) құрылымдық бөлімшенің басшылығымен бір сағаттың ішінде көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесіне қол қою;

7) бір сағаттың ішінде қызмет көрсетушінің кеңсесінде мемлекеттік қызмет көрсетудің қол қойылған нәтижесін тіркеу;

8) бір сағаттың ішінде қызметалушыға Анықтама ұсыну.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (қимылдың) нәтижесі, ол мынадай рәсімдерді (қимылды) орындаудың бастамасы үшін негіз болып табылады:

1) Мемлекеттік қызметті алуды қажет ететін қызметалушының өтінімін қызмет берушінің кеңсесінде қабылдау және тіркеу (өтінімді қағаз түрінде беру кезінде);

2) порталға өңделген өтінімді орналастыру;

3) өтінімді қарастыру;

4) жауапты орындаушымен көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін рәсімдеу;

5) порталда қызмет беруші басшысының резолюциясы;

6) қызмет беруші басшысының қолы;

7) мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін тіркеу;

8) қызметалушыға Анықтама беру.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмысшыларының) тізімі:

1) қызмет берушінің басшысы;

- 2) құрылымдық бөлімшенің жетекшісі;
- 3) жаупты орындаушы;
- 4) қызмет берушіні кеңсесінің жұмысшысы.

8. Қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелері (жұмысшылары) арасында рәсімнің (қимылдың) бірізділігінің сипаттамасы және мемлекеттік қызмет көрсету рәсінде ақпараттық жүйені қолдану тәртібі осы тәртіптің 1-қосымшасына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-рәсімінің анықтамасына сай келеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы**

9. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті берушінің және көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тәртібінің және рәсімдері (іс-қимылдары) бірізділігінің сипаттамасы.

1) көрсетілетін қызметті беруші рәсімдері (іс-қимылдары) бірізділігінің сипаттамасы:

1-рәсім – көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – МД АЖ) логин және құпия сөз енгізуі (авторизациялау рәсімі);

1-шарт – "Е-лицензиялау" МД АЖ-да құпия сөз және логин арқылы көрсетілетін қызметті берушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің дұрыстығын тексеру;

2-рәсім – "Е-лицензиялау" МД АЖ-да көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

3-рәсім – көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде көрсетілген қызметті таңдауы, экранға қызметті көрсетуге арналған сұрау нысанының шығуы және көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушы деректерін енгізу;

4-рәсім – жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорында (бұдан әрі – ЖТ МД)/ заңды тұлғалардың мемлекеттік дерекқорында (бұдан әрі – ЗТ МД) электрондық үкіметтің шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті алушының деректері туралы сұрауды жіберу;

2-шарт – ЖТ МД-да/ЗТ МД-да көрсетілетін қызметті алушы деректерінің бар-жоғы тексеру;

5-рәсім – ЖТ МД-да/ЗТ МД-да көрсетілетін қызметті алушы деректерінің жоқ болуына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаның қалыптасуы;

6-рәсім – қағаз нысанындағы құжаттардың бар-жоғы туралы белгілер бөлігінде сұрау нысанының толтырылуы және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған қажетті құжаттарды көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің сканерлеу және сұрау нысанына оларды тіркеу;

7-рәсім – сұраудың "Е-лицензиялау" МД АЖ-да тіркеу және көрсетілетін қызметтің "Е-лицензиялау" МД АЖ-да өңдеу;

3-шарт – көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына және мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған негіздемелерге сәйкестігін көрсетілетін қызметті берушінің тексеруі;

8-рәсім – "Е-лицензиялау" МД АЖ-да көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұралған көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарламаның қалыптасуы;

9-рәсім – көрсетілетін қызметті алушының "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ қалыптастырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін (электрондық құжат) алуы. Электрондық құжат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасын (бұдан әрі – ЭЦҚ) пайдалана отырып қалыптастырылады.

2) көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тәртібінің және рәсімдерің (іс-қимылдарың) бірізділігінің сипаттамасы:

көрсетілетін қызметті алушы порталда көрсетілетін қызметті алушы компьютерінің интернет-браузерінде сақталатын өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен тіркеуді жүзеге асырады (порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін жүзеге асырылады);

1-рәсім – көрсетілетін қызметті алушы компьютерінің интернет-браузерінде ЭЦҚ тіркеу куәлігінің орнатылуы көрсетілетін қызметті алушының порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуы үшін құпия сөзді енгізуі рәсімі (авторизациялау рәсімі);

1-шарт – порталда логині (жеке сәйкестендіру нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН/БСН) және құпия сөзі арқылы тіркелген тұтынушы туралы деректер дұрыстығының тексерілуі;

2-рәсім – көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты порталдың авторизациялаудан бас тарту туралы хабарлама қалыптастыруы;

3-рәсім – көрсетілетін қызметті алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде көрсетілетін қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін экранға сұрау нысанының шығуы және көрсетілетін қызметті алушының нысанды, оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, қажетті құжаттарды электронды түрде сұрау нысанына қоса бере отырып, толтыруы ( деректерді енгізуі);

4-рәсім – көрсетілетін қызметті алушының сұрауды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

2-шарт – порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін және оның қайтарылған (күші жойылған) тіркеу куәліктері тізімінде болмауын, сондай-ақ сұрауда көрсетілген ЖСН/БСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы сәйкестендіру деректері сәйкестігінің тексерілуі;

5-рәсім – көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сының түпнұсқасының расталмауына байланысты сұратылған көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарламаның қалыптасуы;

6-рәсім – қызмет көрсетуге арналған сұраудың толтырылған нысанының (енгізілген деректердің) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылуы (қол қою);

7-рәсім – электрондық құжаттың (көрсетілетін қызметті алушы сұрауының) "Е-лицензиялау" МД АЖ-да тіркелуі және "Е-лицензиялау" МД АЖ-да сұраудың өңделуі;

3-шарт – көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына және құжатты беруге арналған негіздемелерге сәйкестігін көрсетілетін қызметті берушінің тексеруі;

8-рәсім – "Е-лицензиялау" МД АЖ-да көрсетілетін қызметті алушы деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұратылатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарламаның жасалуы;


9-рәсім – көрсетілетін қызметті алушының портал қалыптастырған мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін (электрондық құжат) алуы. Электрондық құжат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы пайдаланыла отырып қалыптастырылады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде порталдың функционалдық өзара әсері осы тәртіптің 2-қосымшасына сәйкес диаграммаға сай келеді.

"Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметінің тәртібіне 1-қосымша

**"Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру"**


# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ БИЗНЕС-ҮДЕРІСІНІҢ АНЫҚТАМАСЫ (МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ АТАУЫ)



"Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметінің тәртібіне 2-қосымша



# Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде порталдың функционалдық өзара әсерінің диаграммасы



Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушы 2015 жылғы  
28 мамырдағы № 638  
бұйрығына 2-қосымша

# **"Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетімен (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нысаны: электронды (жекелеген автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытынды (бұдан әрі – қорытынды).

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (қимылдың) бастамасына негіз болып Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11431 тіркелген, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 564 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандартының "Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" 9-тармағында қарастырылған құжаттардың болуы табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, орындалу ұзақтығы:

1) қызмет берушінің кеңсесінің қызметкерімен өтінімді қабылдау және он бес минут ішінде тіркелу нөмері мен күнін бере отырып тіркеу (өтінімді қағаз түрінде беру кезінде);

2) кеңсе қызметкерімен бір сағат ішінде өтінімді өңдеу және порталға жіберу (өтінімді қағаз түрінде беру кезінде);

3) қызмет көрсетушінің басшылығымен екі сағат ішінде порталдағы өтінімді карауға жауапты бөлімшені және орындаушыны анықтау;

4) қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысымен алты күнтізбелік мерзімде өтінімді қарастыру;

5) жауапты орындаушымен бір сағаттың ішінде көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін дайындау және құрылымдық бөлімшенің басшылығына келісуге енгізу;

6) құрылымдық бөлімшенің басшылығымен бір сағаттың ішінде көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесіне қол қою;

7) бір сағаттың ішінде қызмет көрсетушінің кеңсесінде мемлекеттік қызмет көрсетудің қол қойылған нәтижесін тіркеу;

8) бір сағаттың ішінде қызметалушыға Қорытынды ұсыну.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (қимылдың) нәтижесі, ол мынадай рәсімдерді (қимылды) орындаудың бастамасы үшін негіз болып табылады:

1) Мемлекеттік қызметті алуды қажет ететін қызметалушының өтінімін қызмет берушінің кеңсесінде қабылдау және тіркеу (өтінімді қағаз түрінде беру кезінде);

2) порталға өңделген өтінімді орналастыру;

3) өтінімді қарастыру;

4) жауапты орындаушымен көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін рәсімдеу;

5) порталда қызмет беруші басшысының резолюциясы;

6) қызмет беруші басшысының қолы;

7) мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін тіркеу;

8) қызметалушыға Қорытынды беру.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмысшыларының) тізімі:

1) қызмет берушінің басшысы;

2) құрылымдық бөлімшенің жетекшісі;

3) жауапты орындаушы;

4) қызмет берушіні кеңсесінің жұмысшысы.

8. Қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелері (жұмысшылары) арасында рәсімнің (қимылдың) бірізділігінің сипаттамасы және мемлекеттік қызмет

көрсету рәсімінде ақпараттық жүйені қолдану тәртібі осы тәртіптің 1-қосымшасына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-рәсімінің анықтамасына сай келеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы**

9. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті берушінің және көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тәртібінің және рәсімдері (іс-қимылдары) бірізділігінің сипаттамасы.

1) көрсетілетін қызметті беруші рәсімдері (іс-қимылдары) бірізділігінің сипаттамасы:

1-рәсім – көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – МД АЖ) логин және құпия сөз енгізуі (авторизациялау рәсімі);

1-шарт – "Е-лицензиялау" МД АЖ-да құпия сөз және логин арқылы көрсетілетін қызметті берушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің дұрыстығын тексеру;

2-рәсім – "Е-лицензиялау" МД АЖ-да көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

3-рәсім – көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде көрсетілген қызметті таңдауы, экранға қызметті көрсетуге арналған сұрау нысанының шығуы және көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушы деректерін енгізу;

4-рәсім – жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорында (бұдан әрі – ЖТ МД)/ заңды тұлғалардың мемлекеттік дерекқорында (бұдан әрі – ЗТ МД) электрондық үкіметтің шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті алушының деректері туралы сұрауды жіберу;

2-шарт – ЖТ МД-да/ЗТ МД-да көрсетілетін қызметті алушы деректерінің бар-жоғы тексеру;

5-рәсім – ЖТ МД-да/ЗТ МД-да көрсетілетін қызметті алушы деректерінің жоқ болуына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаның қалыптасуы;

6-рәсім – қағаз нысанындағы құжаттардың бар-жоғы туралы белгілер бөлігінде сұрау нысанын толтыру және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған қажетті құжаттарды көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің сканерлеу және сұрау нысанына оларды тіркеу;

7-рәсім – сұраудың "Е-лицензиялау" МД АЖ-да тіркеу және көрсетілетін қызметтің "Е-лицензиялау" МД АЖ-да өңдеу;

3-шарт – көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына және мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған негіздемелерге сәйкестігін көрсетілетін қызметті берушінің тексеруі;

8-рәсім – "Е-лицензиялау" МД АЖ-да көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұралған көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарламаның қалыптасуы;

9-рәсім – көрсетілетін қызметті алушының "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ қалыптастырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін (электрондық құжат) алуы. Электрондық құжат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасын (бұдан әрі – ЭЦҚ) пайдалана отырып қалыптастырылады.

2) көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тәртібінің және рәсімдерің (іс-қимылдарың) бірізділігінің сипаттамасы:

көрсетілетін қызметті алушы порталда, көрсетілетін қызметті алушы компьютерінің интернет-браузерінде сақталатын өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен тіркеуді жүзеге асырады (порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін жүзеге асырылады);

1-рәсім – көрсетілетін қызметті алушы компьютерінің интернет-браузерінде ЭЦҚ тіркеу куәлігінің орнатылуы көрсетілетін қызметті алушының порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуы үшін құпия сөзді енгізуі рәсімі (авторизациялау рәсімі);

1-шарт – порталда логині (жеке сәйкестендіру нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН/БСН) және құпия сөзі арқылы тіркелген тұтынушы туралы деректер дұрыстығының тексерілуі;

2-рәсім – көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты порталдың авторизациялаудан бас тарту туралы хабарлама қалыптастыруы;

3-рәсім – көрсетілетін қызметті алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде көрсетілетін қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін экранға сұрау нысанының шығуы және көрсетілетін қызметті алушының нысанды, оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, қажетті құжаттарды электронды түрде сұрау нысанына қоса бере отырып, толтыруы (деректерді енгізуі);

4-рәсім – көрсетілетін қызметті алушының сұрауды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

2-шарт – порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін және оның қайтарылған (күші жойылған) тіркеу куәліктері тізімінде болмауын, сондай-ақ

сұрауда көрсетілген ЖСН/БСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы сәйкестендіру деректері сәйкестігінің тексерілуі;

5-рәсім – көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сының түпнұсқасының расталмауына байланысты сұратылған көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарламаның қалыптасуы;

6-рәсім – қызмет көрсетуге арналған сұраудың толтырылған нысанының (енгізілген деректердің) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылуы (қол қою);

7-рәсім – электрондық құжаттың (көрсетілетін қызметті алушы сұрауының) "Е-лицензиялау" МД АЖ-да тіркеу және "Е-лицензиялау" МД АЖ-да сұраудың өңделуі;

3-шарт – көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына және құжатты беруге арналған негіздемелерге сәйкестігін көрсетілетін қызметті берушінің тексеруі;


8-рәсім – "Е-лицензиялау" МД АЖ-да көрсетілетін қызметті алушы деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұратылатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарламаның жасалуы;

9-рәсім – көрсетілетін қызметті алушының портал қалыптастырған мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін (электрондық құжат) алуы. Электрондық құжат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы пайдаланыла отырып қалыптастырылады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде порталдың функционалдық өзара әсері осы тәртіптің 2-қосымшасына сәйкес диаграммаға сай келеді.

"Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызметінің тәртібіне 1-қосымша


**"Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсету бизнес-үдерісінің анықтамасы (мемлекеттік қызметтің атауы)**



"Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызметінің тәртібіне 2-қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде порталдың функционалдық өзара әсерінің диаграммасы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы**

"электрондық үкімет" веб-порталы арқылы



Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушы 2015 жылғы  
28 мамырдағы № 638  
бұйрығына 3-қосымша

**"Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

**1. Жалпы ережелер**



1. "Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетімен (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нысаны: электронды (жекелеген автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды (бұдан әрі – қорытынды).

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (қимылдың) бастамасына негіз болып Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11431 тіркелген, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 564 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандартының "Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" 9-тармағында қарастырылған құжаттардың болуы табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің құрамына кіретін әрбір рәсімнің мазмұны, орындалу ұзақтығы:

1) қызмет берушінің кеңсесінің қызметкерімен өтінімді қабылдау және он бес минут ішінде тіркелу нөмері мен күнін бере отырып тіркеу (өтінімді қағаз түрінде беру кезінде);

2) кеңсе қызметкерімен бір сағат ішінде өтінімді өңдеу және порталға жіберу (өтінімді қағаз түрінде беру кезінде);

3) қызмет көрсетушінің басшылығымен екі сағат ішінде порталдағы өтінімді қарауға жауапты бөлімшені және орындаушыны анықтау;

4) қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысымен алты күнтізбелік мерзімде өтінімді қарастыру;

5) жауапты орындаушымен бір сағаттың ішінде көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін дайындау және құрылымдық бөлімшенің басшылығына келісуге енгізу;

6) құрылымдық бөлімшенің басшылығымен бір сағаттың ішінде көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесіне қол қою;

7) бір сағаттың ішінде қызмет көрсетушінің кеңсесінде мемлекеттік қызмет көрсетудің қол қойылған нәтижесін тіркеу;

8) бір сағаттың ішінде қызметалушыға Қорытынды ұсыну.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (қимылдың) нәтижесі, ол мынадай рәсімдерді (қимылды) орындаудың бастамасы үшін негіз болып табылады:

1) Мемлекеттік қызметті алуды қажет ететін қызметалушының өтінімін қызмет берушінің кеңсесінде қабылдау және тіркеу (өтінімді қағаз түрінде беру кезінде);

2) порталға өңделген өтінімді орналастыру;

3) өтінімді қарастыру;

4) жауапты орындаушымен көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін рәсімдеу;

5) порталда қызмет беруші басшысының резолюциясы;

6) қызмет беруші басшысының қолы;

7) мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін тіркеу;

8) қызметалушыға Қорытынды беру.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмысшыларының) тізімі:

1) қызмет берушінің басшысы;

2) құрылымдық бөлімшенің жетекшісі;

3) жауапты орындаушы;

4) қызмет берушіні кеңсесінің жұмысшысы.

8. Қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелері (жұмысшылары) арасында рәсімнің (қимылдың) бірізділігінің сипаттамасы және мемлекеттік қызмет көрсету рәсінде ақпараттық жүйені қолдану тәртібі осы тәртіптің 1-қосымшасына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-рәсімінің анықтамасына сай келеді.

### **4. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы**

9. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті берушінің және көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тәртібінің және рәсімдері (іс-қимылдары) бірізділігінің сипаттамасы.

1) көрсетілетін қызметті беруші рәсімдері (іс-қимылдары) бірізділігінің сипаттамасы:

1-рәсім – көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – МД АЖ) логин және құпия сөз енгізуі (авторизациялау рәсімі);

1-шарт – "Е-лицензиялау" МД АЖ-да құпия сөз және логин арқылы көрсетілетін қызметті берушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің дұрыстығын тексеру;

2-рәсім – "Е-лицензиялау" МД АЖ-да көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

3-рәсім – көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде көрсетілген қызметті таңдауы, экранға қызметті көрсетуге арналған сұрау нысанының шығуы және көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушы деректерін енгізу;

4-рәсім – жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорында (бұдан әрі–ЖТ МД)/ заңды тұлғалардың мемлекеттік дерекқорында (бұдан әрі – ЗТ МД) электрондық үкіметтің шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті алушының деректері туралы сұрауды жіберу;

